

## 11-ге арнау

Ару қызы, сұлу қызы сыныптың,  
Белгісіндей әдемілік ғұрыптың.  
Иесің өзін ғана ізгілік пен ізеттің  
Сыңғыр күлкі, жарасымды қылықтың.  
Айдай сұлу, керім қыз,  
Жолың ашық ақ болсын,  
Тілерім саған әрқашан  
Басыңнан кетпес бақ қонсын.  
Сабырлылық белгісіндей салмақты,  
Асыл ағам қадірлісің ардақты.  
Мен өзіңе шын жүректен тілеймін,  
Өмірдегі ең жақсыны, бар бақты.  
Серігі бол әрқашанда жақсының,  
Биіктерге жетелесін жақсылық.  
Тілектеспін ҰБТ-ны ағажан-  
Ойдағадай келуіңе тапсырып.  
Әрқашанда күлім қағып жүреді,  
Әр нәрсені жөніменен біледі.  
Қуаныштан әрқашанда Білэлдің,  
Соға берсін дүрсіл қағып жүрегі.  
Оймен ойлап әр нәрсені табатын,  
Достарынан ерекше ғой, дара тым.  
Бола берсін өміріңде, бола берсін өміріңде Наурызбай,  
Бақыт келіп өзі есік қағатын  
Шын жүреппен барлық ойын ақтарып  
Інілерің аға десін мақтанып,  
Ата-анаң қуаныштан жас алсын  
Серікжанға артқан үміт ақталып.  
Ізгі тілек білдіремін ізетпен,  
Әр ұстазға талмай ілім күзеткен.  
Оқушыны жақсылыққа жетелеп,  
Тентектерді төпелемей түзеткен.